

## 2014 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 202 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 қыркүйекте № 2498 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27 – бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі-егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларының 8-тармағына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2014 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялардың нормалары (1 гектарға) белгіленсін.

2. «Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (К. Ерғалиев)

:

осы қаулының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ә.А.

Ш ө ж е ғ ұ л о в қ а

ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қ о л д а н ы с қ а

е н г і з і л е д і .

« К Е Л І С І Л Д І »  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
А . С . М а м ы т б е к о в  
2 2 т а м ы з 2 0 1 4 ж .

« Маңғыстау облысының  
қаржы басқармасы »  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
М . Б . А л ь б е к о в а  
2 2 т а м ы з 2 0 1 4 ж .

«Маңғыстау облысының экономика  
және бюджеттік жоспарлау басқармасы»  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
Ж . Ұ . Ұ л а н о в а

22 тамыз 2014 ж.

«Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы»  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
К . Е р ғ а л и е в

22 тамыз 2014 ж.

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 2 т а м ы з  
№ 2 0 2 қ а у л ы с ы н а  
қ о с ы м ш а

**2014 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық**

**дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялардың нормалары (1 гектарға)**

№ р /с	Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың атауы	Субсидиялардың нормалары, теңге
1	Көкөніс және бақша дақылдары (дәстүрлі технология)	20 000
2	Көкөніс, бақша дақылдары (өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару )	72 000
3	Қорғалған топырақта өнеркәсіптік жылыжайларда өсірілетін көкөністер(1 дақыл айналым)	3 500 000
4	Қорғалған топырақта фермерлік жылыжайларда өсірілетін көкөністер (1 дақыл айналым)	1 300 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК